



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Банктерге жүргізілген сауалнама: кредит нарығындағы бизнес пен халықтың белсенділігі тұрақты күйінде қалып отыр

ҚҰБ Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаменті директорының міндетін атқарушы Динара Тазетдинованың түсіндірмесі

Астана қ.

2025 жыл, 19 тамыз

Ірі, орта және шағын бизнесті кредиттеу

2025 жылдың II тоқсанында бизнестің несиеге деген жиынтық сұранысы алдыңғы тоқсандағы деңгейде сақталды, алайда, сегменттер бойынша динамика әрқилы.

Ірі бизнес тарапынан несиеге сұраныс төмендегені сезілді. Оған басты себеп – ірі кәсіпорындарға арналған мемлекеттік қолдау бағдарламаларының шектеулі болуы және нарықтық банктік өнімдерге қарағанда тиімдірек шарттармен тікелей қаржыландыруды ұсынатын мемлекеттік даму институттарының бәсекелестігі. 2025 жылдың II тоқсанында іске қосылған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы кепілдік беру тетігі әзірге бизнес тарапынан айтарлықтай қызығушылық тудырмады. Бұған кепілдік құнының (қарыз сомасының 2%-ы) және несие ресурстарының жалпы қымбаттығы себеп болды. Ірі бизнес тарапынан берілген несие өтінімдерінің жалпы саны тоқсандық есеппен (т/т) 15%-ға азайып, 200-ге дейін төмендеді, ал өтінімдердің орташа көлемі 12%-ға өсіп, 12,9 млрд теңгені құрады.

Орта және шағын бизнес тарапынан сұраныстың өсуі, негізінен, мемлекеттік қолдау бағдарламаларының іске қосылуымен байланысты болды. Кейбір орта банктерде жақында іске қосылған өнімдерді жетілдіру жұмыстары мен белсенді маркетингтік акциялар сұранысты қолдай түсті. Сондай-ақ өнім шарттары жеңілдегені байқалды: кепілге қабылданатын активтер бойынша аумақтық шектеулер әлсіреді, қарыз алушыларды бағалау кезінде қаржылық талдау талаптары жеңілдеді және несие көлемінің ең жоғары шегі артты. Орта бизнес тарапынан берілген несие өтінімдерінің жалпы саны 15%-ға өсіп (т/т), 5,3 мыңды құрады, орташа өтінім соммасы 20%-ға артып, 924 млн теңгеге жетті. Шағын бизнес тарапынан несие алуға берілген өтінімдердің жалпы саны 3%-ға өсіп (т/т), 912 мыңға жетті, ал орташа өтінім көлемі 14%-ға азайып, 30,4 млн теңгені құрады.

Шағын бизнес субъектілері бойынша несие өтінімдерінің мақұлдану коэффициенті 33% деңгейінде сақталды, ірі бизнес үшін ол 1 пайыздық тармаққа (п.т.) азайып, 56% болды, орта бизнес үшін 4 п.т-ға төмендеп, 32%-ға жетті.

Ипотекалық және тұтынушылық кредиттеу, автокредиттер

II тоқсанда барлық бөлшек несие өнімдеріне сұраныс артты.

Есепті тоқсанда ипотекалық қарыздарға сұраныстың өсуіне мемлекеттік ипотекалық несиелеу бағдарламасына өтінім жинау мен құрылысшылар субсидиялайтын серіктестік бағдарламалардың іске қосылуы әсер етті. Ипотекалық қарыздар бойынша жалпы өтінім саны тоқсандық мәнде өзгермей, 242 мыңды құрады, ал олардың орташа мөлшері 5%-ға (т/т) өсіп, 17,4 млн теңгеге жетті.

Кепілмен берілетін тұтынушылық несиелерге де сұраныс артты. Бұл өнімге түскен өтінімдер саны 2%-ға (т/т) өсіп, 52 мыңға жетті, ал орташа өтінім мөлшері 17%-ға (т/т) өсіп, 15 млн теңгені құрады.

Ұзақ уақытқа созылған төмендеу үрдісінен кейін, 2025 жылдың II тоқсанында кепілсіз несиелерге сұраныс аздап артты. Сонымен бірге, жекелеген ірі және орта банктер кепілсіз қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қатаңдатты, бұл осы сегменттегі сұраныстың өсуін шектеді. Осылайша, бұл сегменттегі жалпы өтім саны өзгермей, 18,3 млн болды, ал орташа өтім мөлшері 10%-ға (т/т) өсіп, 1 131 мың теңгені құрады.

Автонесиеге сұраныс үздіксіз өсіп келеді. Бұл өз кезегінде кейбір банктердің автосалонмен серіктестік бағдарламаларды іске қосуымен, аталған автонесиелерді ішінара субсидиялауымен және жекелеген банктердің осы бағдарламалар бойынша серіктестер тізімін кеңейтуімен түсіндіріледі. Автонесие бойынша өтімдер саны 16%-ға (т/т) өсіп, 1,6 млн-ға жетті, ал орташа өтім мөлшері 8%-ға (т/т) төмендеп, 7,25 млн теңгені құрады.

Мақұлдану коэффициенті ипотекалық өнімдер бойынша 5 п.п. (т/т) өсіп – 29%-ды, кепілмен берілетін тұтынушылық несиелер бойынша 9 п.п. (т/т) өсіп – 45%-ды, кепілсіз қарыз бойынша 1 п.п. (т/т) өсіп – 32%-ды және автонесие бойынша 4 п.п. (т/т) өсіп – 19%-ды құрады.

2025 жылдың III тоқсанында банктер кепілмен берілетін тұтынушылық несие мен автонесиеге сұраныс аздап өседі деп күтеді. Сонымен қатар, банктердің пікірінше, ипотекалық қарыздар мен кепілсіз тұтынушылық несиеге сұраныс біршама төмендеуі мүмкін.

2025 жылдың II тоқсанында банктер арасында кредиттеу бойынша жүргізілген [сауалнамаға](#) екінші деңгейлі 19 банк қатысты. Сауалнаманы Ұлттық Банк тоқсан сайын несиелік ресурстарға сұраныс пен ұсыныс арасындағы өзгерістерді бағалау мақсатында жүргізеді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz